

"2015 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 12 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қазандағы № 207 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 қарашада № 5224 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2015 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 12 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4995 тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылдың 28 мамырында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оған қажетті сараптамаларды жүргізуді, концессиялық жобаларды консультациялық қолдауды қаржыландыру " Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылға арналған 003 "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу" бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың Тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н. Н. Г о д у н о в а ға жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "27" қазандағы
№ 207 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің

Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оған қажетті сараптамаларды жүргізуді, концессиялық жобаларды консультациялық қолдауды қаржыландыру "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылға арналған 003 "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу" бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың Тізбесі

№	Жобаның атауы	Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу көлемі, мың теңге	Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу көлемі, мың теңге	Концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу көлемі, мың теңге	Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру көлемі, мың теңге
1	2	3	4	5	6
	"Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі				
1	Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлердің инженерлік жүйелерін қайта жаңғырту. Ыстық сумен қамтудың ашық жүйесі	44 256			
2	Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы газ тарату желілерінің құрылысы	45 639			

3	Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын жылудымен жабдықтау	96 700			
4	Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын электрмен қамту	36 990			
"Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда бекетінен 8 шақырым қашықтықтағы Қызылорда қаласы Титов қыстағындағы индустриялық аймақтық темір жол түйісінің құрылысы	8 931			
"Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы 200 орындық жатақханасы бар 600 орынға арналған кәсіптік-техникалық лицей құрылысы				21 794
2	Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру				15 836
"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда қаласындағы 500 келушіге арналған емхана құрылысы				21 794